

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 113 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** қараңыз.Z070319

1. Қоса беріліп отырған Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 а қ п а н д а ғ ы
N 1 1 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды (бұдан әрі - Ереже).

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын

іске асыратын білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - Ұйымдар) басты міндеті жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау болып т а б ы л а д ы .

3. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау жоғары оқу орындарының клиникалық ординатурасында, ассистентура-тағылымдамасында, аспирантурасында, адъюнктурасында және докторантурасында ғылыми-зерттеу ұйымдарында, сондай-ақ ғылым кандидаттарын аға ғылыми қызметкер лауазымына ауыстыру, ізденушілік, шығармашылық демалыстар беру ны с а н ы н д а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Ұйымдар өз Жарғысын "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірлейді.

2. Ұйымның негізгі функциялары

5. Ұйымның негізгі функциялары:

кәсіби міндеттерді дербес және шығармашылық тұрғыдан шешуге, жаңа ғылыми идеяларды қабылдауға және жаңа технологияларды алға апарушы болуға қабілетті кәсіби-құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қ а л ы п т а с т ы р у ;

басым бағыттар бойынша ғылыми зерттеулерді дамыту;
ғылымды, білім беру мен өндірісті ықпалдастыру;
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында ғылыми және инновациялық қызметті ж а н д а н д ы р у ;

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге ш ы ғ у ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және білім беру ұйымының жарғысында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыру болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. Ұйымның білім беру қызметі

6. Ұйымның білім беру қызметін жүргізу құқығы лицензия алған сәттен бастап туындайды және оның мерзімі аяқталған, кері қайтарып алынған немесе ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп т а н ы л ғ а н с ә т т е н б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

7. Азаматтарды ұйымға қабылдау азаматтардың өтініші бойынша білім беру

саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру туралы ережемен реттеледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

9. Диссертация қорғау диссертациялық кеңесте өткізіледі. Диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін Диссертациялық кеңес туралы ережемен реттеледі.

10. Ғылыми дәреже беру тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін тиісті ережелермен реттеледі.

4. Білім беру процесінің субъектілері

11. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша ақылы негізде де жүзеге асырылады.

Ақылы негізде оқыту құнын ұйым айқындайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

12. Шет мемлекеттер азаматтарының жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және халықаралық келісімдермен айқындалады.

13. **Алынып тасталды.**

Ескерту. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

14. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен оқуға қабылданған ассистент-тағылымдамадан өтушілер, ординаторлар, аспиранттар, адъюнкттер мен докторанттар ұйымдарда білім алушылар болып табылады.

15. Ұйымдардағы білім алушылар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, білім беру саласындағы орталық атқарушы органның нормативтік кесімдерінде, ұйымның Жарғысында белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие болады.

16. Профессорлық-оқытушылық лауазымдарға қабылдау рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Ұйымның қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие болады.

18. Профессорлық-оқытушылық құрамның саны штаттық кестеге сәйкес белгіленеді.

Профессорлық-оқытушылық құрамның, әдіскерлер мен басқа персоналдың штаттарын, ұйымның құрылымын ұйымның басшысы бекітеді.

5. Ұйымды басқару

19. Ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдеріне, осы Ережеге және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Ұйымды тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалатын басшы жүзеге асырады.

Басшы осы ұйымның барлық санаттағы қызметкерлері мен білім алушылары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, қызметкерлерді атқаратын қызметіне қабылдайды және босатады.

21. Ұйымның басшысы ұйымның атынан әрекет етеді және оның мүдделерін қорғайды.

6. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі

22. Ұйымды қаржыландыру:
бюджет қаражаты;

ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен жасасқан шарттар бойынша оқыту үшін алынатын қаражат;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

23. Ұйымдар өзіне бекітілген мүлікті өзінің тағайындалуына өздерінің жарғылық мақсаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланады.

7. Білім беру ұйымдарының қызметін бақылау

24. Ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылау "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Есепке алу және есеп беру

25. Ұйымдар жедел және бухгалтерлік есепті жүзеге асырады, белгіленген нысан бойынша статистикалық бухгалтерлік есеп беруді жүргізеді, белгіленген тәртіппен тоқсандық және жылдық бухгалтерлік статистикалық есеп береді.

26. Ұйымның лауазымды адамдары осы ұйымға бекітілген меншіктің сақталуы және тиімді пайдаланылуы үшін мемлекеттік статистикалық есеп беруді бұрмалағаны үшін, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінетін бюджет қаражатын игеру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен